

«Үлкен істер күтіп тұр»

Қарағанды техникалық университетінде қазақтың ұлы ғалымы Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдығына арналып Халықаралық ғылыми конференция өткізілді. Оған ТМД елдерінің 24 жоғары оқу орнынан және 18 ғылыми-зерттеу институтынан өкілдер қатысты.

Конференцияны ҚарТУ-дың ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Григорий Пивень ашты. Ол конференцияның тақырыбы «Ғылым мен білім — «Қазақстан — 2030» стратегиясының жетекші факторы» екендігін хабарлап, осы конференцияға арнайы кітап шығарылғандығын айтты. Көлемі 836 беттен тұратын жинаққа 100-ден астам автордың еңбегі енгізілген. Олардың барлығы да Қаныш Имантайұлының республикадағы, Орталық Қазақстандағы геологияның, түсті және қара металлургияның, тау-көн өнеркәсібінің дамуындағы ролін ашып көрсеткен.

Конференция Қазақстан Республикасы Жаратылыстану ғылымдары академиясының Қарағанды филиалының төрағасы, техника ғылымдарының докторы, профессор С.С.Жетесовтің кіріспе сөзімен ашылды. Ол Қаныш Имантайұлының Орталық Қазақстан үшін ғылымның, білімнің және өндірістік саланың дамуына елеулі еңбек сіңіргенін атап өтті. Оның күшжігерінің арқасында әлі күнге дейін Жезқазғаннан мыс, Жездіден марганец, Қаражалдан темір өндірілуде. Орталық Қазақстанды гүлденген жасыл желөкке айналдыруды арман өткен сол жоба бойынша қазір Қарағанды Ертіс өзенінің суын пайдаланып отыр. Осы каналдың бойында көптеген жеміс-көкөніс шаруашылықтары орналасқан. Ең алғаш рет ешкім біле бермейтін Са-

марқанд поселкесінде ірі металлургия комбинатын салу жөнінде де сөз қозғаған Қанекең болатын. Сөйтіп мұнда өнімі бүкіл әлемге әйгілі Қарағанды металлургия комбинаты бой көтерді.

Бұрынғы кен техникумын кейіннен Қарағанды политехникалық институтына айналдыру жөніндегі Сәтбаевтың еңбегін әркім біле бермеуі мүмкін. Қанекең 1958 жылы бір топ ғалымдармен бірге политехникалық институтта болып, оқытушылар мен студенттер алдында баяндама жасаған еді. Сол кезде республика Ғылым Академиясының президенті болған Сәтбаевтың осы кездесудегі баяндамасы «За политехнические знания» газетінің 3-ші санында «Үлкен істер күтіп тұр» деген атпен жарияланған екен. Сарғыш тартқан газеттің осы саны әлі күнге дейін оқу орнының мұражайында сақталған.

Конференцияға қатысушылар техникалық университеттің мұражайында болып, Қ.Сәтбаевқа және оның ізбасарларына арналған көрме материалдарын қызықтады. Қанекең туралы геологиялық-минералогия ғылымдарының докторы, профессор Л.Ф.Думлер және басқалар өздерінің естеліктерін айтты.

В.МОГИЛЬНИЦКИЙ.